

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияның қолданылуын жаңарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1116 қаулысы

"Приозерный разрезі" қазақстан-ресей компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі сериясы АИ N 163Д Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды туындатқан себептерді жоюына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Приозерный разрезі" қазақстан-ресей компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қостанай облысындағы Приозерный қоңыр көмір кен орнын өндіруге Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылғы 10 қыркүйекте берген сериясы АИ N 163Д Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияның қолданылуы жаңартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі белгіленген тәртіппен осы қаулыға сәйкес көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыға лицензияның қолданылуын жаңарту туралы хабарлама дайындасын және жіберсін.

3. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 наурыздағы N 292 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі